

1960 жылдардың ортасынан  
бастап 80 жылдардың ортасына  
дейінгі мерзімнің шартты атауы:

«Тоқырау жылдары»

**Бүгінгі сабақтың тақырыбы:**  
**§9. «Тоқырау» жылдарындағы  
демографиялық үдерістер**

*Зерттеу сұрағы:* Қазақстандағы урбандалу үдерісіне қандай факторлар әсер етті?

Бұл сабақта:

Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасаймыз.

Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық үдерістерге баға береміз.

**Қазақстан тарихынан**

**§ 9 параграфты мұқият оқып шық.**

**Бейне сабаққа сілтеме:**

**<https://www.youtube.com/watch?v=13MJXyACzYk>**

## Терминологияға анықтама

Халықтың табиғи өсімі – халық санының артуы, халықтың құрамын, санын және өсуін зерттейтін статистика саласы.

Урбандалу – қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы. Қала халқының табиғи өсімі, ауылдық жерлерден қалаға қарай көшу.

**«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістер қай бағытта дамыды?**

Соғыстан кейін республикамызға ұйымдасқан түрде көші-қон тасқыны 1954–1962 жылдары Тың игеру кезеңінде жүргізілді. Қазақстан халқының саны 1970 жылға қарай 13 млн адамға жетіп, олардың ішінде қазақтар 32,6% -ды құрады.

Демографиялық үдерістердің ішінде халықтың миграциясы өте маңызды орынды алды. Миграцияның екі түрі болды: 1) халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) және 2) ішкі миграция (мемлекет ішіндегі миграция).

### Интеграция

Дүниежүзі тарихы, XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы.



1954–1962 жылдары тың игеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 млн адам келді. Сол себепті қазақ халқы өз жерінде азшылық жағдайына түсті. Осы кезеңде кеңестік өкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің кемістіктері айқын байқалды. Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық мүдделері мен ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғау өткір мәселеге айналды. Тың игерілген облыстарда 700 қазақ мектебі жабылды. Бұл, *біріншіден*, қазақ жастарының ұлттық тілі мен мәдениетінен қол үзуіне өкеп соқтырды. *Екіншіден*, Қазақ елінің елді мекендері мен жер-су атаулары орысша атала бастады. Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді. Тың игеру кезінде құрылған совхоздарда жергілікті халықтың ерекшеліктері ескерілмей, кейбір қазақ ауылдарына да шошқа өсіруге нұсқау берілді. Шошқа шаруашылығын дамыту мен жайылымдардың қысқаруы қазақ халқының дәстүрлі мал-шаруашылығына кері әсерін тигізді.

#### Ойталқы

Қазақ халқының өз жерінде азшылыққа душар болуы, бұл дерек арқылы қандай қорытынды жасауға болады?

1970 жылдардан бастап келушілерден көшіп кетушілердің саны арта түсті. 1989 жылғы санақ бойынша Қазақстанда халық саны 16,2 млн адамға жетті. Олардың ішінде 9 млн-нан астамы қала тұрғындары, ал 7 миллионы ауылдық жерлерде тұрды. Техникалық прогрестің негізінде республикада өнеркәсіптің жаңа салалары дами бастады. 60-жылдардағы өнеркәсіптің даму қарқыны республика картасында Ақтау, Степногорск, Арқалық т.б. жаңа қалалардың пайда болуына себепші болды. Жаңа қалалардың салынуы пайдалы қазбалар мен ірі кен орындарымен байланысты еді. Бұрынғы жұмысшы кенттері қалаларға айналды. Республиканың жеңіл өнеркәсібі де тез қарқынмен дамып, тек бес жылдың ішінде жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 14 ірі фабрикалары мен комбинаттары қатарға қосылды. Өндіріс орындарында жұмыс істеу үшін елдің барлық түкпірінен жұмысшылар тартылды. *Нәтижесінде республиканың демографиялық жағдайы бұрынғыдан да қиындап кетті. Мәселен, 1959–1975 жылдары Қазақстанға басқа республикалардан 179 мың адам келіп қосылды.* Елдің демографиялық дамуының ерекшелігі халықтың абсолюттік санының өсуі болды. Өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, экологиялық мәселелер халықтың денсаулығына және демографиялық жағдайына кері әсер етті. Халықтың табиғи өсуі, бала туу көрсеткіші төмендеді, өзге ұлт өкілдері республикадан көшіп кете бастады.

# Тапсырмалар

**1-тапсырма.** Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, кестені толтырыңдар.

Демографиялық өзгерістердің себептері	Демографиялық өзгерістердің салдары	Қорытынды (өз пікіріңді білдір)

**2-тапсырма.** Мәтінмен жұмыс жасап, тың игеру салдарынан қандай демографиялық өзгерістер болғанын анықтаңдар.